

Сапалық сын есімдер

Сапалық сын есімдер мен қатыстық сын есімдердің айырмашылығы, ең алдымен, олардың білдіретін мағынасына байланысты.

Сапалық сын есімдер семантикалық жағынан заттың әр алуан сын-сипатын, сапалық белгілерін білдіреді. *Терең ой, терең ғылым іздемейді, Өтірік пен өсекті жүндей сабап (Абай). Жақсы ат пен тату жолдас бір ғанибет, Ыңғайлы, ықшам киім аңшы адамға (Абай). Құнанбайдың қалың қолы шаңдата шапты (Әуезов).*

Сапалық сын есімдердің морфологиялық сипаты - шырай тұлғаларымен түрлене алуы. Мүсірәлі *момындау*, ауқаты *шағындау* адам еді (Сейфуллин). Ләззаты *артығырақ* шекер, балдай (Сапарғали). *Жұп-жұмыр* ақ торғындай мойыны бар (Абай).

Сапалық сын есімдер негізінен түбір сөздер болып келеді. Олардың қатарындағы сөздердің біразы тарихи жағынан туынды түбірлер де, түбір мен қосымшаның жігі ажырамастай бірігіп кеткен. Мысалы, *қызыл, жасыл, ұзын, үлкен* тәрізді сөздер *қызғылт, жас-қылтым, ұз-ар, ұз-ақ, үлке-йген, үлке-ю* сияқты туынды сөздермен тарихи тұрғыдан түбірлес екені даусыз. Сондай-ақ *ашық, толық, ақылды* туынды сөздері *аш, тол, ақыл* деген түбірлерден жасалған, бірақ қазіргі кезде бұл сияқты сын есімдер өздері білдіріп тұрған сынның қимылға (ашу, толу), затқа (ақыл) қатысынан гөрі, екінші заттың сынын білдіріп, сапалық сын есімнің қатарына көшкен.

Жоғарыда айтылған сын есімдерге, шырай тұлғалары үстеле алып, сапалық сын есімдердің шырай категориясын жасай алатын болған: *ашық - ашығырақ - ашықтау - тым ашық; толық - толығырақ - толықтау - топ-толық, - тым толық; ақылды - ақылдырақ - ақылдылау - тым ақылды* т.б.

А.Ысқақов сапалық сын есімдерге тән төмендегі белгілерді атап көрсетеді:

1) сапалық сын есімдерге ұлғайту, кішірейту мәнді жұрнақтар мен сынның әр қилы реңктерін білдіретін шырай категориясының жұрнақтары қослады;

2) сындық белгіні күшейту не өсіре түсу үшін қолданылатын үстеме буын жамалады;

3) семантикалық ерекшелігіне қарай адвербиалдық қызмет атқарады (Ысқақов, 1991, 169 б.).

Сапалық сын есімдердің мағыналық құрылымында нақты денотат жоқ, идеалды денотат, сигнификаттық мағына бар. Сондықтан да мағыналық құрылымы жайылыңқы болады. Бұл зат есімдерге қарағанда сын есімдердің көпмағыналық өрісінің кең екендігін көрсетеді.

Сапалық сын есімдердің мағыналары зат есімдердің денотаттық мағынасын өзіне көшіріп қана мағынаға ие болады. Денотаттық мағына атауыш сөздердің лексикалық мағынасының негізі болып саналады, сөздің мағыналық құрылымындағы басқа мағыналардың барлығына ұйытқы болады. Қимылдық мағына да, сындық мағына да заттық мағынамен байланыста болып, солардың қимылын, түр-түсін, сынын білдіреді. Мысалы,

Ерекше естен кетпес қызық қайда?
Жолығатын қыз қайда *терең* сайда?
Сұлулығын қояйын, мінез *артық*

Ақылды, асыл жүрек, сөзі *майда* (Абай) деген өлеңдегі *терең*, *артық*, *майда* сөздері жеке алып қарағанда толық мағына бере алмайды, олардың мағынасы терең сай, артық мінез, майда сөз деген тіркестерде айқындалған.

Сын есімдердегі мағына заттарды салыстыру негізінде қалыптасады, сондықтан сын сапалық сын есімдер құрамында көбінесе эмоциялық-бағалауыштық сема қатар жүреді. Эмоциялық мағына зат-құбылыстың түрлі қасиеттерін салыстырып, баға беру негізінде қалыптасады. Бірақ эмоциялық мағына барлық сын есімдерде бола бермейді.

Сын есімдер білдеретін заттың сапасы, түр-түсі, түрлі қасиеттері өз бетінше өмір сүрмейді, белгілі бір затпен, құбылыспен байланысты анықталады. Демек, кез келген заттың үлкен, ауыр, жақсы т.б. сапа-белгілерін анықтау үшін екінші затпен салыстырамыз, ойша қатар қоямыз. Сапалық сын есімнің шырай категориясы да осы салыстыруға негізделген. Тіпті сынның артық-кемдігі, дәрежесі, күшейткіш мәні – барлығы да салыстырудан, бағалаудан туындайды.